



ТУРАН-ҚАЗАЛЫ

№38
(2209)
Сенбі
4 мамыр
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

1 МАМЫР МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ «БІРЛІК. ЖАСАМПАЗДЫҚ. ӨРЛЕУ» АТТЫ КЕЗДЕСУ ӨТТІ



Ауданымызда 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты кездесу өтті.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен дөңгелек үстел форматындағы өткен кездесуге аудандағы зиялы қауым өкілдері, ауданнан сайланған облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттары мен аудандық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері мен волонтерлер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Басқосуда аудан әкімі алдымен ырыс пен ынтымақтың символына айналған мейрамның маңызына тоқталып, барша аудан тұрғындарын және шараға қатысушыларды мерекемен құттықтады.

-Халқымыздың тұтастығы мен ырыс-ынтымағының анық көрінісі болған бұл мерекенің маңызы зор. Бір мүдде, бір мақсат жолында ұйысып, ынтымағы жарасқан елдің бірлігін сақтау баршамыздың азаматтық парызымыз. Өздеріңізге белгілі, еліміздің кейбір аймақтарында орын алған су тасқынына байланысты қиын-қыстау кезде бір жағадан

бас, бір жеңнен қол шығарып жан-жақты көмек көрсеттік. Бұл игі істе барша Қазалы жұртшылығы да ауызбіршілік танытып, белсене атсалысты.

Осы ретте, табиғи апат орын алған өңірлерге көмек көрсеткен барша ағайынға шынайы ризашылығымызды білдіремін, - деді аудан басшысы.

Мұнан соң су тасқынынан зардап шеккен аймақ тұрғындарына көмек көрсеткен бірқатар азаматтар мен ауданымыздың дамуына лайықты үлес қосқан өзге ұлт өкілдері аудан әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Іс-шарада аудандық арда-

герлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов, ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қасқырбай Әлімбаев, Қазалы ауданының құрметті азаматы Әби Бибісара, аудандық «Бірлік – Единство» этномәдени қоғамдық келісім бірлестігінің төрайымы Жұма Нафиса және ерікті жас Аппаз Аянбек сөз сөйлеп, мерекеге орай ізгі лебіздерін жеткізді.

Мерекелік кездесуді қортындылаған аудан әкімі барша азаматтарды ынтымағы жарасқан елдің бірлігі мен тұтастығы жолында аянбай еңбек етуге шақырып, барша қазалылықтарды Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтады.

●Баспасөз - 2024

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АҒАШ КӨШЕТТЕРІН ОТЫРҒЫЗДЫ

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай барша қазалылықтар ағаш көшеттерін

отырғызып, аудан аумағын жасылдандыруға белсене атсалысты.

Әйтеке би кентіндегі «Жеңіс»

саябағында мереке аясында ұйымдастырылған тал егу акциясына аудандағы зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, аудандық мәслихаттың депутаттары, түрлі сала қызметкерлері мен белсенді жастар және еріктілер қатысып, саябақты көшетпен көмкерді. Бірлік күнінде қазалылықтар 200 түп ағаш көшеті мен 500 түп гүл отырғызды.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш мереке аясындағы игі бастамаға атсалысып, барша шараға жиылғандарды мерекемен құттықтады.

Айта кетейік, ырыс пен ынтымақтың символына айналған мереке аясында дәл осындай тал егу акциялары ауданға қарасты барлық қала, кент және ауылдық округтерде жалғасын табуда.

Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі

2024 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары! Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2024 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін назарларыңызға саламыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға - 1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға - 2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы



● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫНА ЖЕТЕ МӘН БЕРІЛУДЕ

«Тазалық – иманның жартысы» деген сөз бар. Халқымыз ежелден тазалыққа аса мән беріп, болашақ ұрпаққа да соны өсиеттеген. Ата-бабаларымыз көшпенді халық болса да бірінші орынға тазалықты қойғаны белгілі. Қазіргі қоғамда да тазалық жұмыстарына аса мән беріліп отыр.

Барлық аймақтардың тазалығына, оның көркеюіне ел болып атсалысуда. Соңғы жылдарда ауданымыздағы саябақтарға көшеттер отырғызылып, жаппай сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынған.

Әйтеке би кентінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына тұрғындар белсенділікпен қатысуда. Сондай-ақ, Әйтеке би кентіндегі 6-7 ші аймақтарды көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

6-шы аймақтағы аудан әкімінің кеңесшісі Бақытжан Жарылқаптың жетекшілігімен құрылған топ мүшелері санитарлық тазалық жұмыстарына белсене атсалысуда. Топ мүшелерінің қатарында аудандық мәслихаттың депутаттары: Ерболат Мұқаш, Күншығар Әбілов, көше комитеттерінің төрағалары: Байғабыл Әбсұлтанов, Руслан Балымбетов және аудандық кірістер басқармасы, Жетес би емханасы, аудандық қорғаныс бөлімі, кенттік клуб, жеке балабақшалар мен мектеп ұжымдары сенбілік жұмысына ұйымшылдықпен қатысуда.

Тазалық жұмыстарына 21 аудандық мекемелер белсенділікпен атсалысуда. Т.Берікұлақов пен Қ.Сәтбаев көшелері аралығындағы 63 көшеге және «Водокачка» елді мекеніне жауапты топ мүшелері әр апта сайын көшет отырғызу, бағаналарды әктеп, сырлау және аумақты қоқыс қалдықтарынан тазарту жұмыстарымен айналысып келеді. 6-шы аймаққа қарасты кенттік клуб қызметкерлері «Киелі мекен» апталығы аясында «Жеңіс» саябағындағы тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағына тазалық жұмыстарын жүргізді. Айта кетейік, санитарлық тазалық айлығы басталғалы бері Т.Берікұлақов, Қ.Пірімов, Ә.Марғұлан көшелеріне және жоғарыда аталған, тазалық жұмыстарына белсене атсалысып жатқан мекемелердің ауласына 470-ке жуық көшет отырғызылған.

Аталған аймақта құрылған топ апта сайын тазалық жұмыстарын қадағалап, кент әкімінің орынбасары Мұхтар Бейсенбаев және учаскелік полиция инспекторлары мониторинг жүргізіп келеді.

Сонымен қатар, санитарлық тазалық жұмыстары барысында тазалық ережелерін сақтамаған тұрғындарға учаскелік полиция инспекторлары: А.Ермахан, Н.Нағметов, 3 учаскелік аймақ бойынша 62 хаттамалық ескертпе-

лер толтырған. Қазіргі таңда аймақтағы көше тазалығы үшін 15 жылдам анықтау бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай ақ, «Водокачка» елді мекенінің жанындағы қазылған карьердің орны қоқыс қалдықтарынан тазаланып, «Қоқыс тастамаңыз» тақтайшасы орнатылды. Және бұл елді мекенге 2 бейнебақылау камерасын орнату жоспарланған.

Кентте санитарлық тазалық жұмыстары басталғалы 6-шы аймаққа 2 техника жұмылдырылды. Техникалық құралдармен қамтамасыз етуші жеке кәсіпкер, «Н строй сервис» ЖШС-нің директоры Әлжан Жеткербаев.

Ал, 7-ші аймақтағы тазалық жұмыстарына жауапты топ жетекшісі аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілеп болып бекітілген болатын.

7-ші аймаққа берілген аумақ шығыстан Жалаңтөс батыр көшесінен Дәулеткерей көшесіне дейін, оңтүстіктен Рәміздер алаңынан бастап Т.Берікұлақов көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Бүгінгі күнге дейін Әйтеке би кентінің 7-ші аймағында әр жұма сайын аудан әкімі аппаратының бас маманы Руслан Жұмағалиев тазалық жұмыстарын бақылап, мониторинг жүргізіп келеді. Жұмысшы топтың құрамында аудан әкімінің аппараты, халыққа қызмет көрсету орталығы, «Нұршуақ» автостанциясы, «Автотех» оқу орталығы, аудандық емхана және тағы басқа мекемелер бар. Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың депутаттары: Ш.Асқарова, Ә.Нұрмағанбетова, қоғамдық кеңестің мүшесі Ө.Түктібаев көше комитеттерінің төрағаларымен бірлесіп тұрғындарды тазалықты сақтауға, кентімізді көркейтуге бірге атсалысуға шақырды. Қазіргі уақытта мекемелермен бірлескен топ Рәміздер алаңының артындағы жиналған күл-қоқыс аумағы мен Ш.Ақбаев көшесі, Қ.Сүйеубаев көшесі, М.Ералиева көшелеріндегі қоқыстарға аптасына 3 рет тазалық жұмыстарын жүргізіп, қатаң бақылауға алды.

Қазалы ауданында «Таза Қазақстан» экологиялық республикалық акциясы аясында жүргізіліп жатқан санитарлық тазалық жұмыстары нәтиже беріп, тұрғындар ауданның көркеюіне үлес қосып, аулаларына көздің жауын аларлықтай әдемі гүлдер мен көшеттер отырғызуда. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін атсалысып жатқан бұл іс-шара әрі қарай да өз жалғасын таба бермек.

Әрбір тұрғын жасыл желек отырғызуды қолға алса, ауданымыз одан әрі көркейіп, әрі арасы таза мекенде өмір сүреміз. Бастысы- адам денсаулығына пайдалы, жанға жайлы мекен болары сөзсіз.

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**



КҮРІШ ЕГІСІ МАМАНДАРЫНА КЕҢЕС

Қазалы ауданы аграрлы өлке болғандықтан халқының негізгі тіршілігі егіс егу, мал өсіру. Соның ішінде, күріш дақылын өсіруге көбірек мән береді. Күріш өнімін өңдеп, тауар күйіне жеткізіп, шет елге сату мүмкіндігіне ие болуда. Осыған орай күріш өнімін өндіру тиімділігіне дән қоя білгеніміз жөн болар. Себебі, күріш егу, оны ұқсату қиындықпен және шығындармен орындалатын жұмыс. Сол себепті, күріш өнімінің өзіндік құнына назар аудармасқа болмайды. Күріш өнімінің өзіндік құнын арзандату арқылы пайда табу шаруашылықтың негізгі міндеті болуға тиіс. Олай болса күріш егіп, оның өнімін арзандату мәселесі күн тәртібінен түспеуі керек. Ол үшін күріштің әр гектарынан алатын өнімін кем дегенде 50-60 центнерге жеткізу керек. Жоғары өнім алу үшін төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

1. Жоғарғы агро-мелиоративтік технологияны енгізу қажет;
 2. Суды тиімді пайдалану;
 3. Сушы мамандарды қайта даярлау;
 4. Сушыны, мамандарды егіс көлеміне сәйкес тағайындау;
 5. Егістік жердің тұздылығын шаю;
 6. Гидротехникалық имараттардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
 7. Егістік алқаптардағы су деңгейін қалыпты ұстау үшін деңгейлік рейкалар қою;
 8. Шаруашылық каналдардың сағасынан алынатын су мөлшерін есептейтін гидропост қою, есепті дұрыс жүргізу;
 9. Суды пайдаланудың жылдық жобасын дұрыс есептеп графикке қою;
- Ал енді осы іс-шараларға жеке-жеке тоқтала кетейік. Жоғарғы агро-мелиоративтік технология дегеніміз не? Мысалы 560 гектар күріштікке арналған сегіз танапты ауыспалы егістік алқапты алайық.

Осы егістік алқапқа арналған жеке тарихы кітап болуы керек. Кітапқа күріштік алқаптың ротациялық жүйесі жыл сайын жазылып отырады, яғни 560 гектардың 52,5 пайызы 294 гектарына күріш, 196 гектарына 35,0 пайызы жемдік дақылдар егілуге, 70 гектары 12,5 пайызы мелиоративтік жер (поле) немесе бір жыл егілген жер демалатын болуы керек. Себебі, зябке жыртылған жер өзімен-өзі ауадағы азот арқылы тыңайып жатады. Жыл сайын 8 танапты егістік алқапты осылай ауыстырып отыруды «ротация полей» дейміз және жеке тарихын кітапқа енгізіп шаруашылық басшысымен бас агроном қолдарын қояды. Егістік алқаптың топырақ қоспалары құрамын анықтайтын картограм-ма жасалуы қажет. Сол кезде минералды тыңайтқыштарды пайдалану түрлерін және қандай мөлшерде беруге болатындығы анықталады. Картограм-ма жасалмайынша егістікке оңды-солды минералды тыңайтқышты беруге болмайды. Себебі, топырақ құрамын зерттеп отырған лаборатория шаруашылықтарда жоқтың қасы. Ретсіз минералды тыңайтқыш беру біріншіден жердің құрамын бұзады, екіншіден минералды тыңайтқышқа кеткен ақша қаражат шығынын қосыңыз. Атыз ішіндегі зябты жырту жыл сайын бір бағытта болуы егістік жердің тегістігін бұзады. Сол себепті кезекпенен қарама-қарсы бағытта зябты жыртуға назар аудару керек. Инженерлік жүйеге келтірілген ауыспалы егістікке 35-40 жыл болды. Зябо жырту технологиясының бұзылуы себепті атыз ішіндегі тегістік сақталмай судың қалыңдығы біркелкі болмауда. Мұндай жағдай барлық шаруашылықтарда кездесіп отырады. Күріштің шығымдылығы сол себепті әр түрлі болады. Күріштік атыздағы суды бастыруға және оны шығаруға үлкен мән беру керек.

Себебі, бұл күріштің сортына, ауа райына, уақытына тікелей байланысты.

Атыздағы суды бір деңгейде ұстап тұру үшін шаруашылық басшылары мелиоративтік отряд жасақтауы қажет. Мелиоративтік отрядтың жұмысы атыздарды нивелирмен өлшеп бір деңгейлікке жеткізу, каналдарды, арықтарды өлшеуіш құралдармен анықтап, жыл сайын лайды, қамысты тазартып, және түрлі гидротехникалық имараттарды жөндеп отыруы керек. Гидротехникалық имараттардың қақпақтарын науқан аяқталғаннан кейін көтеріп, көтергіштерін ағытып алып майлап келесі көктемге дейін жабық қоймада сақтау қажет.

Егістікке, оның ішінде күріш дақылына қажетті су мөлшерін тиімді пайдалану үлкен жауапкершілікті талап етеді. Себебі, артық су алуға ақша қаражаты жұмсалады және суды пайдалану ысырабы болады. Сол себепті су пайдаланушы маманның іскерлігі қажет. Жоғарыда мысал үшін 560 гектар болатын 8 танапты күріш алқабын алдық. Әрбір танап орташа 70 гектардан келеді. Бір танапта 5 карта, әр картада 5 атыз болғанда, бір атыз $70:5:5=2,8$ гектардан болады екен.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі мен табиғи ортаны қорғау министрлігінің 2000 жылғы Қызылорда облысы және Қазалы массиві нұсқауына сәйкес Қазалы ауданындағы егістік алқапқа бекітілген шама күріштік үшін науқандық суару көлемі 75 пайыздық топыраққа сіңіру гидромодулі $q=20000000:130:86400=1,78$ л/сек га. Бұл жерде: q - күріштің науқандық орташа бір гектарға бір секундта алатын судың шығыны;

20000000 - бір науқанда бір гектар атыздағы күрішке берілетін судың көлемі (литр есебімен);

130 - күріштің толық пісіп жетілетін күні. 86400 - бір тәуліктегі уақыт (секунд есебімен).

Ал жемдік дақылдар үшін науқандық орташа суару көлемі 75 пайыздық топыраққа сіңіру гидромодулі $q=6000000:60:86400=1,157$ л/сек га. бұл жерде: q - дәндік жүгерінің науқандық орташа бір гектарға бір секундта алатын судың шығыны; $6\,000\,000$ - бір науқанда пайдаланатын судың шығыны (литр есебімен);

60 - дәндік жүгерінің суару мезгілі күні;

86400 - бір тәуліктегі уақыт (секунд есебімен);

Күріштік бір атызға қажетті су шығыны $q=2,8$ га $\times 1,78$ л/сек га = $4,984$ л/сек; сол сияқты бір картаға $q=5$ атыз $\times 4,984$ л/сек = $24,92$ л/сек; бір ауыспалы күріш алқабындағы 294 гектар күрішке қажетті су шығыны $q=294$ га $\times 1,78 = 523,32$ л/сек. Сол сияқты жемдік дақыл үшін $q=196$ га $\times 1,157$ л/сек га = $226,77$ л/сек. Бір мерзімдегі су шығыны $q=523,32+226,77=750,09$ л/сек немесе $0,75$ м³/сек.

Суды ішкі шаруашылық пайдалану коэффициенті Қызылорда және Қазалы массиві егістігі үшін 67 пайыз деп тұжырымдалған. $K=20000:29800=0,67$ бұл жерде: 20000 м³ - күріштік алқапқа бір науқанда пайдаланатын бір гектардағы судың көлемі; 29800 м³ - күріштік алқапқа бір науқанда пайдаланатын бір гектардағы судың жолда жоғалатынымен қоса есептегендегі көлемі.

Күрішке қажетті су шығынын шаруашылық аралық каналдан алған кезде $q=0,52332:0,67=0,781$ м³/сек, сол сияқты жемдік егіске $q=0,22677:0,67=0,339$ м³/сек, бір мезгілде екі дақыл қатар суарғанда су шығыны $q=0,781+0,339=1,12$ м³/сек болады.

(Жалғасы бар)

Абдрасулла ЖҰБАНБАЕВ,
Еңбек ардагері,
инженер-гидротехник

● Көктемгі егіс – 2024

ЕГІСТІК АЛҚАПҚА ДӘН СЕБІЛДІ

Берекелі істің бастауы көктемнің бір күнінің жылға азық екендігін жақсы түсінген Есхожаевтар жетекшілік ететін «Агро-Өркен» шаруа қожалығының егістік алқабында дән себу рәсімі болды. Әрбір істің бастауына үлкендерді алдымызға салып, бата-тілектерін алу үрдісі ежелден қалыптасқан. Игілікті істің бастауының басына үлкен әулеттің басшысы, Бердібай ақсақал бастаған, Орда, Серік, Әлжан, Ғабиден, Ғабит, Мейрамбек сынды азаматтар, бірқатар інілері егістіктің басына жиналып, егін алқабына дән себу рәсіміне қатысты.

Себілетін дәннің өзі әбден сұрыпталған, тиісті тексерістерден өткен, дайындалған, аймағымызға белгілі, күріш егудің барлық тәсілдерін меңгерген «Абзал и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің өнімі. Бұл

дәннің шығымдылығы 99,7 пайызды көрсететіндігі зерттелген.

Дән себу рәсімінде Бердібай ақсақалдың ақ батасынан кейін, жиналған қауым шаруашылықтың жұмысшыларымен бірге дән себуге кірісіп кетті. Алланың құдыретімен сәтті күн болса керек, күннің шуағы молынан төгіліп, «үф» еткен жел жоқ, ерекше күннің орын алуын біздер үлкен жақсылыққа баладық. Ырыстың тасуына теңедік.

Сақадай сай тұрған арнайы дән себетін техникалар жұмысын жалғастырып, алқаптың шаңын аспанға көтерді. Біздер бір аламан бәйге болып жатырғандай даланың дүбіріне сүйсініп, Алла ырзық-несібелеріңді молынан қылсын деген тілектерімізді жаудырып, риза кейіпте қарап тұрдық.

Ақ тілек ақ дастарханның басында

жалғасын тауып, жез самаурынға сексеуілдің шоқтарын салған жеңгелеріміздің дайындап әкелген күрең шайын ішіп, даланың төсінде піскен тағамнан ауыз тидік. Дастархан басында түрлі салауатты, мәнді-мағыналы әңгімелер айтылып, шаруа қожалығының басшысы Мерей, Медеу Есхожаевтар егінші қауыммен таныстырып, кімнің қандай істі атқаратындығын айтты. Үлкен шаруаның бел ортасында жүріп, бейнеттің зейнетін көрген азаматтарға алғыс айттық. Егінші қауымның жүздерінен ешқандай қиындықтың, ауыртпашылықтың, тауқыметтің белгісін көргеніміз жоқ, керісінше қуаныштың, шаттықтың, лебін байқадық.

Еркін ОРЫНБАЕВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

СЕМИНАР-КЕҢЕСТІҢ ПРЕСС-РЕЛИЗИ

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясымен «Бюджет қаражатын басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру» атты тақырыпта семинар-кеңес ұйымдастырылды.

Семинар — кеңесте Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Қызылорда облысы мемлекеттік сатып алу басқармасының және аудандық өкілдері, аудан әкімінің орынбасары, аудандық мемлекеттік мекемелерінің, кәсіпорындарының басшылары, ауданның барлық салалары бойынша есепші мамандар қатысты.

Күн тәртібіне сәйкес мемлекеттік аудит, қазынашылық органдарының, мемлекеттік сатып алу саласының өкілдері баяндама жасады.

Семинар — кеңесті ұйымдастырудың негізгі мақсаты, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде қаржылық бұзушылықтардың алдын-алу, қаржылық тәртіпті

нығайту және бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

2023 жылы тексеру комиссиясымен 21 аудиторлық іс-шара бойынша 157 аудит объектілері тексерілген. Оның ішінде 60-ы үстеме тексерулер.

Аудитпен қамтылған қаражат -191,2 млрд.теңгені құрады, оның ішінде республикалық бюджет қаражаты-35,8 млрд. теңге, жергілікті бюджет қаражаты-155,4 млрд. теңге.

Мемлекеттік аудит нәтижесімен 37,7 млрд. теңгенің бұзушылықтары анықталған, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар-4,8 млрд. теңге, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаржысы, мемлекет активтері - 8,1 млрд.теңге, тиімсіз жоспарлау - 24,8 млрд.теңгені құрады.

Тексеру барысында білім, денсаулық бөлімдері және басқада салалар қамтылды.

Орын алған заң бұзушылықтар бойынша сот, уәкілетті органдарға негізінен қарау үшін 1 114

әкімшілік материалдар жолданып, 313 тұлғаға 32,1 млн. теңге әкімшілік айыппұл салынса, 753-іне «ескерту» түріндегі әкімшілік жаза қолданылған.

Жол берілген бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша 90 нұсқама қабылданып, тиісті мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға 207 тапсырма мен ұсынымдар (ұсыныстар) берілген.

2024 жылы 24 аудиторлық іс-шара бойынша 140 аудит объектілерін қамтуды жоспарлап отырмыз. Соның ішінде білім, денсаулық, спорт салаларын және квазимемлекеттік сектор субъектілерін тексеру жоспарлануда.

Семинар — кеңес қортындысымен есепші мамандарды арнайы курстарды оқытып, біліктілігін арттырып отыру бойынша ұсыныс мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор басшыларына ұсынылды.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы, 26.04.2024 жыл

**ОТБАСЫЛЫҚ ЖАНЖАЛ ЕНДІ
ОТБАСЫЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЕМЕС**

Тұрмыстық зорлық-зомбылық қоғамның басты мәселелерінің бірі. Зорлық-зомбылықпен күресу ендігі жерде тек полицияның емес, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың да міндеті.

Қазалы ауданының прокуратурасы аудандық ардагерлер кеңесі және аудандық әйелдер кеңесімен бірлесіп өңірдегі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында «Тұрмыстық зорлық-зомбылық» мәселесіне қатысты ықпалдасу және кеңесу тәртібінде атқаратын іс-шаралар туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумның мақсаты – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу шараларын күшейту, әйелдер мен балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қауіпсіздігін қорғау шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған ықпалдасу және кеңесу түріндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру болып табылады. Қазіргі таңда аудандық полиция бөлімі, аудан прокуратурасы, аудандық ардагерлер кеңесі және аудандық әйелдер кеңесі, аудан әкімдігі және аудандық мәслихаттың депутаттарының келісімімен меморандум аясында атқарылатын іс-шаралар жоспары жасалып бекітілді.

Отбасылық құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда жәбірленуші тарап көбіне бұл жағдайды отбасылық мәселе ретінде қарап, сыртқа шығармайды. Полициядан көмек сұрамайды. Сондықтан аталған жағдайлар тұрмыстық зорлық-зомбылықты өршітіп, тіпті өлімге әкелетін қылмыстың көбеюіне жол ашты.

Полиция органдарымен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шаралары ретінде:

- 1) профилактикалық әңгімелесу;
 - 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау не қорғау нұсқамасын шығару үшін тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған адамды ішкі істер органдарына жеткізу;
 - 3) қорғау нұсқамасы;
 - 4) әкімшілік ұстау;
 - 5) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары;
 - 6) құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
 - 7) әкімшілік жаза қолдану жүргізіледі.
- Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаудың себептері мен жағдайларын анықтау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарларын түсіндіру және заңға мойынсұнушылық мінез-құқықтың қажеттігіне сендіру болып табылады. Бүгінде профилактикалық бақылау меморандум қатысушыларымен бірлесіп жүзеге асырылады. Отбасылық жанжал қазіргі таңда жанұя жанжалы орын алған отбасының емес, қоғам қатысушыларының басты назарында.

Қазалы ауданы полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесі

БАЛАЛАРДЫҢ САПАЛЫ ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Баланың дамуы, өсуі, денсаулығы дұрыс тамақтануға тікелей байланысты. Өнімдерді дұрыс таңдау, оларды өңдеудің тиісті әдісі баланың денесін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етеді, тағамдық қоспаларды қолданудың орындылығын жояды.

Балабақшада басты назар ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен тамақ дайындау технологиясына аударылады:

- жеткізілген азық-түліктердің сапасын бақылау;
- сақтау мерзімінің талаптарын орындау;
- ас мәзірінің құрамы, тағамдардың мөлшерін қадағалау;
- тағам дайындау технологиясы ережелерінің сақталуы;
- балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылатын ас мәзірінің сапасын қадағалау болып табылады.

Балалар ас мәзірінің қажетті мазмұны тамақ үлесінің химиялық құрамның мөлшеріне байланысты жасалады. Мектепке дейінгі ұйымдардың балаларын, күніне 4

мезгіл (таңғы ас, түскі ас, бесін ас, кешкі ас) тамақтандыру қажет. Сонымен қатар, жас ерекшеліктеріне байланысты нормаларыда әр түрлі болады.

Балалардың тиімді және сапалы тамақтануының тағы бір талабы-тәуліктік тұтынатын тағамдардың сәйкестендірілген тізімі. Күннің бірінші жартысында бала ағзасына пайдалы дәрумендермен байытылған және ақуыз бен майға қаныққан тағамдарды беру ұсынылса, кешкі асқа тез қорытылатын жеміс-жидектермен көкөністер, балық, сүт өнімдерін дайындап беруге кеңес беріледі. Сонымен қатар, балалар тағамының тәуліктік үлесінің көп мөлшерін мектепке дейінгі ұйымдар беретінін ескере отырып, тамақтануды ұйымдастырушылар балаға күш беретін құнарлы тағамдармен қамтамасыз етулері керек.

**А. БЕКТҰРҒАНОВА ,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маманы**

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ЖИНАЛЫСЫ ӨТКІЗІЛЕДІ

«Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығына сәйкес:

Қазалы ауданы, «Қарашеңгел» ауылдық округі, «Шитүбек» елді мекеніндегі «Водокачка» көшесін «Сырдария» жер-су атауымен қайта атауға байланысты жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізілетіндігін хабарлайды.

Өткізілетін орны: «Шитүбек» елді мекеніндегі бастауыш мектеп ғимараты
Уақыты: 2024 жылдың 4 маусымы күні сағат 10:00.

«Қарашеңгел» ауылдық округінің әкімшілігі

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханадың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.